

Жоба

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы
жиналысының
2022 жылғы «__» _____
шешіміне қосымша
(№ /2022 хаттама)

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы
жиналысының
2022 жылғы «__» _____
шешімімен енгізілді
(№ /2022 хаттама)

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру

1. 3-баптың 2-тармағында:

1) 17) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«17) тамақтандыруды ұсыну және Қоғамның магистральдық құбырлары объектілері орналасқан географиялық шекараларда қызметтік үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) қызметтерін көрсету;»;

2) 21) тармақша алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйым ретінде Қоғамның электр желілеріне технологиялық қосуды жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсету.».

2. 10-баптың 1-тармағы 21-3) тармақшасының бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«21-3) жасалуы туралы шешімді Жарғының 11-бабы 3-тармағының 22-2) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын, жасалуына Қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау.».

3. 11-баптың 3-тармағында:

1) 22-1) тармақшаның бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«22-1) жасалуы туралы шешімді Жарғының 12-бабы 2-тармағының

10) тармақшасына сәйкес Қоғам Басқармасы қабылдайтын, «Самұрық-

Handwritten signatures and notes at the bottom of the page.

Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) тобына кіретін ұйымдармен жасалатын мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау.»;

2) 22-2) тармақшаның бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«22-2) жасалуына Қоғам мүдделі болатын (нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу процентінен кемін құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін)) ірі мәмілелерді Қор тобына кіретін ұйымдармен жасасу туралы шешімді қабылдау.».

4. 12-баптың 2-тармағының 18) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«18) Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің өзге де мәселелері, оның ішінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.».

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

Т. Құрманбаев

(Исакаев Ж.Н.)
Ж.Исакаев

Ж.Исакаев
(Исакаев Ж.Н.)

(Исакаев Ж.Н.)
Ж.Исакаев

(Исакаев Ж.Н.)
Ж.Исакаев